

**Әуликөкөл ауданы әкімінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 3 "Әуликөкөл ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Әуликөкөл ауданы әкімінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 маусымда № 10023 болып тіркелді

**ШЕШТІМ:**

1. Әуликөкөл ауданы әкімінің "Әуликөкөл ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2021 жылғы 13 мамырдағы № 3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9914 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында № 255, № 264 сайлау учаскелері алынып тасталсын:

"№ 255 сайлау учаскесі

Кургуус ауылы шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Кургуус ауылы, № 2 көше, 8-үй, 1-пәтер.";

"№ 264 сайлау учаскесі

Шилі ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Шилі ауылы, Степной көшесі, 9 үй, 1 пәтер.".

2. "Әуликөкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Әуликөкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөкөл ауданының әкімі

Е. Теменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Әуликөкөл аудандық (аумақтық)

сайлау комиссиясы